

Нурмагамбетова Ботагоз Кайратовна

bota_19.05@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Дулатбекова Ж.А.

Қазіргі таңда дүниежүзінде, соның ішінде еліміз Қазақстан Республикасында да туризм елеулі рөл атқарып жатыр. Біріншіден, адамдардың физикалық, моральдық, психологиялық жайын қалпына келтіру, екіншіден еліміздің экономикасына үлкен үлесін қосады.

Адамдардың халь-жайын қалпына келтіруіне туризмнің белсенді түрлері өте жақсы көмектеседі. Сондықтан да, қазіргі таңда туризмнің белсенді түрлері тур өнімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Жалпы, туризмнің жаппай әлеуметтік құбылыс ретінде сонау Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана дами бастады. Бірақ, дегенмен, туризмнің тамыры одан да тереңге кетеді.

Туризмнің алғашқы түрлері Ежелгі Мысырдан басталады. Ол кездегі саяхаттардың көбісі діни мерекелерге байланысты болды немесе саяхатшылардың көбісі пирамидалар мен көрнекті өнер туындыларын қарау мақсатында саяхаттайтын болған.

Ежелгі Грекияда да саяхаттардың негізгі мақсаты – діни мерекелер болатын. Мұндай мерекелерден басқа, саяхатшылар Зевс ғибадатханасы немесе Дельфидегі оракуланы көру үшін саяхаттайтын. Ежелгі заман елдерінде саяхатшылар теңіз жолымен жылжыған, себебі, бұл жол ең оңай тасымалдау жолдарының бірі болған.

Осы заманнан бастап-ақ туристік қызметтер көрсетіле бастаған. Саяхатшыларға туристік өнім ретінде орналастыру орындары ұсынылған. Орналастыру орындары ретінде таверналар ұсынылған. Оны біз Ежелгі Греция немесе Рим туралы жазылған көне манускрипттерден көре аламыз. [1]

Орта заманғы саяхаттарға келсек, бұл кездегі саяхаттар діни, сауда және білім мақсаттарымен байланысты болған. Мұсылман елдерінде Мекке, Мединаға қажылық саяхаттары дамыған. Бұл кезгі саяхатшылардың ішінде Ибн Батутта, Марко Поло атты атақты адамдар да бар. Олар еларалап, біздің заманымызға жеткен үлкен еңбектер қалдырған.

XV-XVI ғғ. еуропалықтар күштерін Азия және Африка жерлерінде жаңа мекендерді табу үшін жұмсаған. Ал, XVII ғасырдан бастап қана туризмнің белсенді түрлері дами бастады. Бұл кезде Англияның бай қауымына арналған Гранд-турлар ұйымдастырылған. Бұл Гранд-турлар туризм тарихында ең маңызды оқиғалардың бірі болып саналады, тіпті көптеген ғалымдар бұл турлар – жаңа заманғы туризмнің бастамасы деп те айтады. Туристер көбінесе Италия, Франция мемлекеттерінде тоқтаған. Ал кейбір туристер Альпі тауларының шыңдарын бағындыруға тырысқан. Осылайша, туризмнің белсенді түрлерінің ішінде тау туризмі дами бастады. Бұл кезді таулы жерлердің дамыған уақыты еді, олар жаңа туристік аймақтарға айналып, туристерді қатты қызықтырған. Осындай атақты таулы аймақтардың бірі – Франциядағы Шамони. Шамони Альпі тауларындағы туризм және альпинизм орталығына айналды. Шамони Монбланның етегінде орналасқандықтан, алпинистер осы жерден Альпі тауының шыңын бағындыруға тырысқан. [2]

Туризмнің белсенді түрлерінің ішінде ең танымалдары – тау туризмі және су туризмі деп айтсақ та болады. Бұлардан тағы бір дамып келе жатқан велотуризм де бар. Еліміздегі дамуына тоқтала кетейік.

Еліміздің тау туризмінің дамуына келсек, Қазақстанда 1953 жылы Қазақстан Республикасының Альпинизм және Тауға өрмелеу Федерациясы құрылды. Осыдан бастап елімізде тау туризмі белсенді дами бастады деп айтсақ та болады. Оны құрудың мақсаты Қазақстан Республикасында альпинизм мен тауға өрмелеуді дамыту жөніндегі қызметті үйлестіру, альпинизм мен тауға өрмелеумен жүйелі айналысуға халықтың біраз бөлігін тарту

болып табылады. Федерация жұмысының арқасында Қазақстандағы заманауи альпинизмнің көптеген мәселелері шешілді. Сондай-ақ әлемнің сегізмыңдықтарға бірнеше экспедиция ұйымдастырылды. «Әлемнің ең биік шыңдарындағы Қазақстан құрамасы» бағдарламасы әзірленді.

Әлемдегі ең мықты альпинизм мектептерінің бірі Алматы қаласында – ҚР Қорғаныс министрлігінің орталық армия спорт клубында орналасқан. Қазақстанның ең танымал альпинистерінің бірі әлемнің 14 сегізмыңдықтарды бағындырушы Денис Урубко болып табылады. Денис Урубко – халықаралық дәрежедегі спорт шебері, биіктік, техникалық, биіктік-техникалық және қысқы сыныптарда ТМД-ның бірнеше реттік беделді чемпионы, еліміздің мақтанышы болып табылады.

Ал, жалпы айтсақ, тау туризмі тарихының бастауы француз дәрігері Мишель-Габриэль Паккард пен оның жетекшісі Жак Балма Монблан тауын бағындыру саяхатын санауға болады. Альпі тауларының шыңына шығу 1786 жылы 8 тамызда өтті. Жаяу жүру туризмін жіктеу әлі болмағандықтан, тау туризмі мен альпинизм ажырамас нәрсе болды және бұл күн альпинизмнің пайда болуы және соның салдарынан тау туризмі деп саналады [3].

Велотуризм – бұл велосипедтен саяхаттайтын туризм түрі. Велотуризм велоспортпен үндес болып табылады деп ойлап қалға болады. Бірақ, велоспорт ауыр жүктемелер мен жақсы дене шынықтыруды талап етеді. Ал, велотуризмде кез-келген велотурист бола алады.

Қазақстанда XIX ғасырдағы алғашқы велотурист Сұлтан Абылайханов болды. 1887 ж. 22 мамырда Омбыда өткен халықтық серуен кезінде мұғалімдер семинариясының тәрбиеленушісі Сұлтан Абылайханов өлке тарихында велосипед жарыстарында бірінші болып жеңімпаз атанды.

Қазақстанда велотуризмнің дамуы 1929 жылы басталды, осы жылдың қаңтар айында Алматыда алғашқы велосипедтер пайда болды. «Жетісу ұшқыны» газеті 1929 жылғы 29 қаңтарда былай деп жазды: «Алматы қаласына үш шетелдік велосипед келді». Сол жылдың 5 мамырында бірнеше жаттығу сапарларынан кейін «Динамо» спорт мекемесінің мүшелері Гришин мен Гаценко спорттық-туристік жорыққа; Алматы-Владивосток бағыты бойынша жүруге аттанды. Олар 6 мың км қашықтықты 2 айда жабуды есептеді. Халықтың үлкен үйлесімімен 3 сағат 39 минутта «Динамо» Спорт Қоғамының Кәсіподағы спорт алаңынан бастау алды.

1929 жылы 2 маусымда «Жетісу ұшқыны» газетінде «Алматы-Владивосток велошеруін жасап жатқан «Динамо» жергілікті спорт қоғамының мүшесі Гришин Алтынемел пошта станциясының жанында оның велосипеді сынғанын хабарлайды. Велосипедтен қорыққан жылқылар жүгірді, велосипедшіге жолдан бұруға тура келді. Талдықорғанға дейін 150 км жаяу жүрді. Велосипедін түзеп, Семейге жолын жалғастырды. Жолда дене шынықтыру және туризм туралы баяндамалар жасады» [4].

Шет елдерден белсенді туризм түрлері Еуропа елдерінде өте танымал болапы табылады, ол бәрімізге мәлім. Еуропа елдерінде белсенді туризмнің негізгі тұтынушылары – спорт клубтары, қауымдастықтар және жай демалуға келген туристер болып табылады. Негізгі міндет – қонақтарға белгілі бір спорт түрімен айналысуға мүмкіндік беру. Мұндай туризм түрлерінің негізгі ерекшеліктері – трассалар, көтергіштер, алаңдар мен керекті құрал-жабдықтардың болуы болып табылады. Еуропада жоғарыда аталып өткен елдерден басқа танымал маршруттар: Боровец - Болгария, Оре - Швеция, Гармиш - Партенкирхен - Германия; желкенді спорт - Гибралтар мен Мальта және басқа елдер [5].

Осыдан, белсенді туризм бойынша турлар жер шарының кез-келген елінде танымал болып табылатынын. Ең танымалы – тау туризмі болғандықтан, таулы елдерге құрылатын турлар өте көп. Қазіргі таңда, өкінішке орай, пандемия жағдайына байланысты, әрине, мұндай турлар тоқтатылуда. Қазіргі таңда COVID-19-ға орай пандемия жағдайына байланысты әлемде тек белсенді туризм түрлері ғана емес, барлық туризм саласы біраз тоқтап қалды десек те болады. Осындай қиын жағдайда туристік нарықта болсын, басқа бір нарықта болсын ең басты міндет – нарықта өз орнын ұстап қалу. Мұндай жағдайда нарықта тек кез-келген жағдайға бейімделе алатын кәсіпорындар ғана қалады, тек мықтылар ғана қалады десек қателеспейміз.

Сондықтан да, көріп отырғанымыздай қазіргі жағдайға бейімделіп көптеген турфирмалар сонда да маркетингтік жолдар тауып, өздерін дамытумен айналысып жатыр. Елдің көзінде қалу үшін әрдайым, кез-келген жағдайда өзінің турөнімін жылжытумен айналысу керек. Сонда ғана нарықта беделді орын иегері болып қалады. Бірақ, жақын арада әлемде барлық туристік қозғалыстар қайта оралып, туристер қайта өздерінің сүйікті істерімен айналысады деген үміттеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Туризм как вид деятельности : уч.пособие / Зорин И.В., Каверина Т.П., Квартальнов В.А.: Финансы и статистика. 2005, Глава 6
2. Қонақ үй шаруашылығының экономикасы: электронды оқу құралы / Ешенкулова Г.И., Баймбетова А.Б., Муканов А.Х., - 2016. – 18 б.
3. Электронды ресурс: Premier Mountaineering веб-сайты – Кіру тәртібі : <https://www.summitpost.org/the-1rst-ascent-of-mont-blanc/850467>
4. Туризм: Мировой опыт. В.А. Кораблев. Университет «Туран», к.э.н., профессор. Велосипедный туризм Казахстана: Страницы истории. 55б..
5. Романов А. А. География туризма : учеб. пособие / А. А. Романов, Р. Г. Саакянц. - М. : Сов. спорт, 2002. - 464 с..

УДК 338.48

ҚОНАҚ ҮЙ КӘСПОРНЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Нұрғали Арайлым Сәбитбекқызы

araika_20@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының

4 курс студенті

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Р.Е. Ағыбетова

Қазақстанда қонақжайлылық кәсіпорындары персоналды басқару жүйесін жетілдіруге айтарлықтай әлеуетке ие. Қонақ үй бизнесінің негізгі проблемалары: персоналдың біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі, корпоративтік мәдениеттің жоқтығы және ынталандыру жүйесінің жетілмегендігі болып табылады. Қазіргі кезде қонақүй қызметін ұйымдастыруда кездесетін мәселелерді анықтап, оларды ұтымды шешу жолдарын табу арқылы қонақүйдің қызмет сапасын арттырып, бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату жолдарын қарастырады. Жалпы қонақ үйлердің ұсынатын негізгі қызметтерін 1-суреттен көруге болады.

